

11 дәріс. Музей және мектеп: екі мәдени әлеуметтік институт ерекшеліктері

Жоспар:

1. Музей мен мектептің ерекшеліктері
2. 1980 жж. реформалар

1970 жылдардың басында білім беру саласы бойынша белгілі американдық маман Грегори Рамсей мектеп пен музей бір жағынан ғана ұқсас: екеуіде қоғамдық және мәдени анахронизм болып табылады деген болатын. Яғни, оның ойынша өзгеріп жатқан әлемдегі шынайылықтың бөлшегі болғанның орынына екеуі де өз-өздерінде тұйықталады. Бұл жерде ғалым сол кездегі әлемнің үлкендер тарапынан үлкендерге арналып жасалып, онда балаларға орын бөлінбегендігіне көңіл аударады. Оған қоса ХХ ғ. ғылым мен техниканың қарыштап дамуы, күшті ақпараттық ағындар дәстүрлі оқу орындарына – соның ішінде мектептерге музейді көмекке шақыру арқылы білім берудің сұраныстарын қанағаттандыруға мүмкіндік бермейді.

Шындығына келгенде мектеп пен музей білім беру үдерісіне әрқилы келеді. Мектептегі оқыту жүйесі арнайы оқу бағдарламасы арқылы жүргізіледі және пәндер мен курстар бойынша ұйымдастырылады. Сонымен бірге мектептегі оқу жүйесі белгілі бір уақытпен шектеліп, білім деңгейі бақыланып отырады.

Ал музей болса, білім берудің формалді емес бағыты бойынша жұмыс істейді. Музейге келушілер өз уақыттарының бос кезінде және белгілі бір құжаттардың негізінсіз келеді. Олар өздерінің жас ерекшеліктері, қызығушылықтары мен әлеуметтік деңгейі бойынша әртүрлі болып келеді.

Ең бастысы музей бұл табиғат пен материалдық әлемнің коллекциялық жиынтығы болып табылады. Солар арқылы музей тарихи құбылыстар мен оқиғаларды барынша терең түсінуге мүмкіндік береді. Міне сондықтан да шет елде музей ерекше білім беру ортасы болып саналады. Сондықтан да көптеген елдерде музейге тек заттарды көріп, жаттанды дәрістерді тыңдау үшін келу сияқты іс-әрекеттер қатардан шыққан. Мектеп оқушыларымен жұмыс барысында шет ел музейлері баланың әлем туралы түсінігін дамытуды, бақылау қабілеті мен алған ақпаратты топтай білу дағдысын жетілдіруді басты орынға қояды. Сонымен қатар кейбір батыс педагогтарының пікірінше музейлік білім беру бұл тек мәліметтер жиынтығын ғана алу емес, оларды тәжірибеде қолдану арқылы, шешім шығара білу қабілетін дамыту.

Осыларды жинақтай келгенде әлемдік үрдіске сәйкес музейдің білім беру саласындағы маңызды міндеттері төмендегідей болып табылады:

- табиғат құбылыстарын бақылау және материалдық орта заттарын көру негізінде түпдеректерден ақпарат ала білу қабілетін дамыту;
- табиғат пен материалдық мәдениет заттарын тұжырымдау, ой-елегінен өткізу және бақылау арқылы түсінік аппаратын қалыптастыру;
- дербес білім алуға дағдыландыру;
- білім беру үдерісін ынталандыру.

Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін музей мектеппен әріптестік қарым-қатынас орнатады. Мәселен, АҚШ музейлері қызметіндегі басты үрдіс, олардың оқу үдерісіне қосылуы. АҚШ музейлері мектеппен өзара қызметтестігін өздерінің коллекциясы жөнінде ақпарат беретін арнайы кітапша жіберуден бастайды. Бұл осы елдегі балалармен жұмыс істеудің жолға қойылған жүйесі болып табылады.

Қазіргі музейдің білім беру қызметін оның мектеппен өзара әрекеттесуі негізінде қамтамасыз ету үшін мына ұстанымдарды ұстану қажет:

- музей жинақтарының қоғамның кез келген әлеуметтік және кез келген жастағы топтары үшін ашықтығы және қолжетімділігі;

- музей экспозициясында өткен дәуірлердің тарихи-мәдени куәлары – музей ескерткіштерінде бейнеленген дүние келбетінің көрініс табуы;

- музей көрмесінің диалогтылығы (өткен мен бүгінгі арасындағы, ескерткіш пен келуші арасындағы, музей қызметкері мен мұғалім, оқушы арасындағы, т.с.с. диалог).

1980 жылдары тұлғаның рухани әлемін дамыту үшін қолайлы жағдай тудыру мақсатында көптеген елдерде жүргізілген мектептегі білімді адамға жақын ету үдерісі білім берудің мазмұны мен формасын жаңартуға алып келді және мектепке педагогтық жүйедегі музейдің жаңа орнын түсінуге мүмкіндік берді. Өз кезегінде, музейдің бұл жағдайға әзірлігі, оның мектеп реформасына тікелей қосылуы өзара әрекеттесуге деген қостарапты әзірлікті паш етті, ал ол бұл үшін екі тараптан да қажетті жағдайлар жасалғанда ғана табысты болмақ.

Мектепте ол жағдайлар былайша белгіленді:

- оқу орындарына оқу жоспарының нұсқалы бөлімдерін өз бетімен белгілеу құқығын беру;

- орта оқу орындарының штаттық номенклатурасын кеңейту (атап айтқанда: онда директордың ғылыми жұмыс және көркем-эстетикалық тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары лауазымын, сонымен қатар психолог, дәрігер, әлеуметтанушы, т.б. лауазымдарын қосу);

- білім беруді адамға жақын ету және гуманитарландыру процестерін, педагогтар топтарының тәжірибелік, жаңашылдық жұмысқа әзірлігін дамыту;

- мұғалімдер қауымдастығында музеймен тығыз кешенді серіктестік нақты мектептің оқу-тәрбие жұмысын жаңашыл өзгертудің жүйе қалыптастырушы құрамдас бөліктерінің бірі болып табылатындығы туралы сенім қалыптастыру.

Музейде бұл қажетті жағдайлар қатарына мыналарды жатқызу керек:

- музейдің білім беру қызметін жалпы педагогтық процестің бір бөлігі ретінде түсінуді нығайту;

- көркемөнер музейлерінің өскелең ұрпақпен кең жалпыгуманитарлық негізде диалог жүргізудегі қажеттілігін сезіну;

- тұлғаның қалыптасуындағы отбасы және мектеп сынды аса маңызды факторларды есепке ала отырып ерте көркемдік, музейлік тәрбие беру және көрермендерді дамыту қажеттілігін сезіну;

- музейдің білім беру қызметі саласындағы әдістемелік әзірленімдердің алуан түрлілігі мен жоғары деңгейі және оларды тәжірибе жүзінде қолдану

үшін метариалдық-техникалық және ұйымдастырушылық мүмкіндіктердің болуы;

– музей ортасында мектеп және музей педагогикасы әдістерінің көқарас тұрғыларын тәжірибе жүзінде кіріктіруге қызығушылық танытып отыратын ағартушы мамандардың болуы.

Осы аталған жағдайлар музей мамандары мен білім беру саласының қызметкерлеріне гуманитарлық білім өкілдерімен бірлесіп, үздіксіз де, бар мазмұны адамның шығармашылық белсенділігін өз бетімен дамытуына және өзіндік жүзеге асыруына бағытталған қосымша да білім беру аясында музей мен мектептің өзара әрекеттесуінің жаңа нысандарын іздеуге кірісуге мүмкіндік берді. Екінші жағынан, музей педагогикасын музейтану және өзге де ғылыми пәндермен тоғысу тұсында педагогтық білім саласы ретінде бөліп шығару оның әдіснамалық негіздері мен санаттық-түсініктің аппаратын жүйелі түрде әзірлеуге итермеледі.